

№53 «Ер-Асыл» бебекжай-бақшасы МКҚК

Ата-аналар жиналысының хаттамалары, баяндамалары

Шымкент

Шымкент қаласы №53 «Ер-Асыл» бебекжай-бақшасының 2022-2023 оку жылдарының жалпы ата-аналар жиналышының

№2 хаттамасы

20.04. 2023 жыл

Катысқандар: 80 ата-ана

Менгеруші: Мусакулова Д.Т

Әдіскер: Жантаева Г.Ж

Медбике: Тилеужанова К.Қ

Педагогтар

Күн тәртібінде:

1. «Баланың бас ұстазы ата-ана»
2. «Дені сау отбасы- ұлт саулығы»
3. «Отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығы мен серіктестігі»
4. Жазғы сауықтыру шарапарының жоспарымен таныстыру

Тындалды:

Бебекжай-бақша басшысы Д.Т.Мусакулова күн тәртібіндегі мәселелермен ата-аналарды таныстырып отті.

Бірінші мәселе бойынша бебекжай-бақша әдіскері Г.Ж.Жантаева сөз сөйлемдегі:

Тақырыбы«Баланың бас ұстазы ата-ана»

Мақсаты:

- 1.Ата-ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту.
- 2.Ата-аналарды балалар а жауапкершілікпен қарауғу шақыру.
- 3.Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына әсер ететінін атап өту.

Міндеті:

.Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі ата-ананың рөлі.

Әдіс-тәсілдер:

Пікірлесу, сұрақ-жауап, «Кызықты сұрақтар», «Сіз ата-анасыз» тест

Бала тәрбиесі бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның абыройлы міндеті. Кезінде Әл Фараби бабамыз баланы емес алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды демеп пе еді. Осыған орай бүкіл ата-анатәрбиесіне бет бұруымыз керек. Ұрпак тәрбиесіне мүдделі екенін атааналар іс жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне осындай ынтымак бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже беретіндігін баяндап өтті.

Сөз алды: Тастемір, Икрамдар бала болашағымыз, осы жолда барымызды салып тәрбие береміз деп айттып өтті.

Екінші мәселе бойынша «Дені сау отбасы – ұлт саулығы» тақырыбында бакша медбикесі К. Тилеужанова баяндама оқып, кеңестерін айттып өтті.

Үшінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша менгерушісі Д.Т.Мусакулова сөз алып, жазға сауықтыру және қауіпсіз ережелері бойынша май айының соңында бұйрық шығарылатындығын әр қызметкерге өз жұмыстары жайында іс-жоспар бекітіліп, сол бойынша жұмыс жүргізілетіндігі жайында толық айттып өтті.

Төртінші мәселе бойынша «Отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығы мен серіктестігі» тақырыбында бакша педагог-психологы Н. Жуманова психологиялық тренинг өтті.

Тренинг барысы:

Кызығушылығын ояту .

Жаттығу «Оз балаңызды жақсы білесіз бе?

Ата-анамен баланың ортасындағы қарым-қатынасты анықтау. Ата-анадларға сұрақ жауаптар.

Қорытынды: Көп ұпай жинаған ата-аналарға болашақта балаларымен тығыз байланыста болу керек екеніне ұсыныс берді.

Ал, аз ұпай жинаған ата-аналарға болашақта балаларымен тығыз байланыста болу керек екеніне ұсыныс берді.

Шешімі:

- 1.Ата-аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шакыру жұмыстары жалғасын тапсын.
2. «Дені сау отбасы- ұлт саулығы» атты медбике Тилеужановың баяндама, кеңестері қанағаттанарлық деп табылсын.
- 3.Жазғы демалыстар ойын сауықтар қауіпсіздік ережелері сақталсын.
- 4.«Отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығы мен серіктестігі» атты психолог Н.Жумановың өткен тренингі жоғары дәрежеде өтілді деп есептелсін.



Д.Т.Мусакулова

Г.Ж.Жантаева

№53 «Ер-Асыл» бебекжай-бакшасы МКҚК

Баяндама

АТА-АНА БАЛАНЫҢ БАС ҰСТАЗЫ

:

Әдіскер: Жантаева Г.Ж



Шымкент

АТА-АНА БАЛАНЫҢ БАС ҰСТАЗЫ

Ата-ана-баланың бас ұстазы. Ата-ананың тәрбиесі-бала мінезінің іргетасы. Баланың бағыт-бағдар алатын шамшырағы іспеттес. Өзі үлгі болумен қатар, мейірім мен махабbat иесі болуы қажет.

Сіздер өз балаларыңызды өзінің әр кадамдарыңызben, әр қылықтарыңызben тәрбиелейсіздер. Отбасы-адам баласының өсіп-өнер, каз тұрар, канат қағар ұясы, алтын бесік. Ата-аналардың тәрбиесі бала мінезінің іргетасы. Ата-аналар қауымы бүгін сіздер өз балаларыңыз бұл оку орнында төрт жыл бойы нені оқып, нені менгергеннен хабардар болып, жақсылық туын жогары ұстаган балаларыңыздың қуанышты күндерімен, қызықты сәттерімен, окуда тек алда жүргендігімен танысып, ой болісесіздер. Сіздердің мақтанышыңызға айналған осы бір балауса гүл мен жарқын жігер болашак жас мамандар. Ендеше, ертеңгі еліне елеулі болар ұл-қыздарыңыздың сенімді де салиқалы тірегі болыныздар.

Баланың жас ерекшелігіне сай ақыл айта білу;

«Кыз тәрбиелей отырып- ұлтты тәрбиелейміз» деген қанатты сөздің өзі қыз бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін білдіреді. «Кызым үйде, қылығы түзде» дейді екен бұрынғылар. Қыз баланың бойына асыл қасиеттерді дарыту тек құлаққа қюмен, ақыл айтумен не болмаса «Кызды қырық үйден тыномен» шектелмейді, мәселе кай кезде, қандай жағдайда орынды ақыл ұсынып, үлгі -өнеге көрсету қажет.

Ізеттілік, көргенділік нәресте кезінен ана сүтімен бойға сінеді. Қатты құлмеу, айқайлап сөйлемеу, ұлкениң жолын кеспеу, ыдыс аякты салдырлатпау, алдымен кіріп, артымен шығу, есікті теуіп ашпау, босағаны кермеу, ұсынған кесені төмен қарап беру, ұлкендерден жогары отырмау тәрізді тіпті қыз баланың отырысына, жүрісіне, аяқ басқанына, киім киісіне, кимыл- қозғалысына, дауыс ыргагына дейін мән берудің өзі қыз бала тәрбиесіне аса зор мән беріп, көңіл қоюдың жауапкершілігін сездіреді. Тәрбие мәселесінің қаншалықты маңызды екенін Абдолла Аблонидің тәрбиеге байланысты айтқан сөзінен белгілі : "Тәрбие – біз үшін я өмір, я өлім, я құтылу, я бақыт , я қайғы мәселесі" депті.

Ал бала тәрбиесінде - отбасы ең улкен мықты тәрбие ошагы. Баланың адамдық қасиеттері мен әдептілігі, оның болашақта қандай адам болуы өзі туылған отбасында алған тәлім-тәрбиесі мен ондагы қарым-қатынасқа байланысты. Өйткені ата-ана басты ұстаз. Баланың заманына лайық азамат болып өсүі – алдымен ананың ақ сүтімен, абзал тәрбиесінің жемісі.

"Алып анадан туады" деген нақыл, тек нәрестенің дүниеге келуіне байланысты айтылған нақыл емес. Қазіргі кездегі қогамымыздың рухани жағынан бала тәрбиесіне көңіл бөлінбеуіне және отбасындағы тәрбие

саласында, әйелдердің рөлінің төмендеуінен француз қиялшысы Ш.Фурье: "Когамның рухани саулығы, даму дәрежесі әйелге деген көзқарасынан танылмақ" деген, ал қогамымыздың рухани жағдайы әйел жағдайына тең деген, онда қогамымыздагы әйелдердің жағдайы қандай? Қазіргі тапшылық заманда уақыттың көбі тіршілік тауқыметін шешуге кетеді. Сондықтан да балалар тәрбиесіне уақыт та жетіспейді, көңіл де бөлінбейді. Ал қогамның рухани дәрежесі жаңағы аналар тәрбиелеген балалардың рухани дәрежесімен олшенеді. Қазіргі үгым бойынша аналық міндеп қогамдық қызметке жатпайды. Жақсы бала тәрбиелеген анага ешқандай ресми бага жсок.

Бала тәрбиелеу міндептің қогамдық қызметтен, өндірістегі жұмыспен тең әйелдерге қамқорлық жасау керек. Барлық бала жақсы және жаман әдемтерді өзі өскен шаңырақтан үйренеді. Сондықтан бала тәрбиесінде аналардың білімділігі(дипломы емес), ақыл-парасаттылығы, көрген-түйгені(өмірлік тәжірибесі) мол, үлттық иғі қасиеттерден хабардарлығы үлкен рөл атқарады.

Өмірдегі жағдай әлдеқайда курделі. Кісі өлтіру, ұрлық, өтірік айту қылмыс болғанмен себептерге байланысты жақсы адам да осыны істейі мүмкін емес не? Сондықтан жақсы қылыш пен жаман қылышқа айдар тағу қыын.

Жасыратыны жоқ, қазіргі кезде көптеген ата-аналар бала тәрбиесіне уақыт жетіспеуін, көңіл бөлмеуін балалардың көңілін аулау арқылы толтырғысы келеді. Бірақ, балаға деген көңілдің орнын ешқандай сыйлықпен немесе ақшамен алдау арқылы толтыру өз-өзінді алдаумен тең. Кейін баланың ата-анаға деген сыйластығы, сүйіспеншілігі суйиды. Содан бастап, үлкендерді сыйламау, тындармау, қарттар үйіне тапсыру деген сияқты қолымызда жат қасиеттер пайда болады. Қазірден бастап үлкендерді сыйламау, кейін ата-анасының жылдар бойы қасықтап жинаған абырайын, рухани байлығын шелектеп бірден төге салуын оңайлатады. Сондықтан «жұмыла көтерген жүк женіл» демекші адамгершілік қасиеті мол бала тәрбиелеу ата-аналары мен мектептің міндепті. «Ертең бүгіннен басталады» дегенді ойнызыға шанши отырып, бала тәрбиесімен қазірден бастап дұрыстап айналысуымыз керек деп ойлаймын.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНА ҚАРАСТЫ
№53 «ЕР-АСЫЛ» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК

**ОТБАСЫНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ
БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ**

Психолог: Жуманова Н.К

Отбасында мектепке дейінгі балалардың психологиялық даму ерекшеліктері

Отбасында баланың даму ерекшелігін зерттеуде соңғы кезде авторлар, жас ерекшелік кезеңдерін, даму заңдылығын ескеру арқылы, өз кезеңдік көз-қарасында косуда. Алғаш психоанализде жас ерекшелік кезеңдеріне әсіресі балалық шаққа көп көңіл бөлген З.Фрейд болды. Фрейдтің пікірі бойынша жыныстық құмарту- адам дамуының басты белгісі болып табылады. Бір жасқа дейін әртүрлі әймақта жағымды түйсінуге жету бөлігіне ауыз куысы мен тіл сілекейі жатты. Осы негізге сүйене нәрестелік –оралды кезең деп аталды. Бір жас пен үш жас аралығында әртүрлі әймақ болып ішектің сілекей қабаты қаралды. Бұл аналды кезең деп аталды. Бала бұл жаста сүйкімді және жекелік тазалық, қыңырлық, тұйықтық агрессиялық ерекшеліктерді, менгере бастайды. Келесі фаллистикалық кезең (3-5 жас) деп аталады, балада жыныстық құмарту жоғарғы деңгейде көрінеді. Фрейдтің жолын құшы Э.Эриксон да өзінің кезеңдік бөлу негізіне басқа да белгілер енгізді. Бала дамуы өмір сүрген ортасының мәдениеті мен экономикалық деңгейіне байланысты. Әрбір келесі кезеңге сәйкес дағдарыстың берілуі қоғамдағы негізгі элементке жатады, оның қарапайым себебі адам институты мен өмірлік даму циклы бірге эволюцияланған болып табылады.

Бірінші кезең (туылғаннан бір жасқа дейін) негізгі сенім сенімсіздікке қарама-қарсы деген атқа ие болды. Бұл кезеңде ана мен бала арасындағы жағымды қатынастың қалыптасуы төтенше маңызға ие. Егер ана баласына қажеттіліктерін қанағаттандыруда өз қамқорлығын, сүйіспеншілік пен мейірімділік танытса бала өз жағдайының жақсы екенін, іс-ірекетінің басқаның күтуіне сәйкес келетінін сезеді. Нәресте қоршаған әлемге сеніммен қарауға үйренеді, ал бұл болмаса бірқатар бұзылыспен ауруға әкеп соғады.

Екінші кезең, бір жастан-үш жасқа дейінгі жас кезеңіне сәйкес келеді, «ұятқа қарама-қарсы автономия» деген атқа ие болып, оның аяқталуы «Мен өзім» дағдарысын туындалады.

Бала дамуының қарқындылығы оны дербес етеді. Ата-аның бақылау жасау, шектеу, тыйым салуы жиілей бастайды. Тұрақты тұртпектеу баланың өз қажетсіздігін сезінуге негіз болады. «Шектен шығара ұялту» жасанды мінезд-құлыққа әкеледі, егер бұл ұялу сезімін жоймаса, онда жасырын шешім шығарудабала қалайда жағдайдан шығуға талпынады. Бала осы жастың өзінде секем алу және ұялу сезіміне ие

Отбасындағы тәрбиенің ерекшеліктері

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты — балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдышретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы үрпағымен келетініне мән бермеуде мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтеп іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі үрпағы ғана сыйлай алады. «Адам үрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні — өз үрпағы. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қыын, қырсыры мол үлкен қоғамдық міндеп тұрады.

Ол — бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз — ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер — жанұяда тәрбие балаға сөзбел, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сінеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қызы өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге қемектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бұлдіресің» деп үрісіп жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне қемектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындаулына тәзімділікпен бақылау керектігін де үмітпәған жөн. Әстіп баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындаудына бағыт бересіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз үрісу, зеку, сұрақтарына дәрекі, келте жауап беру немесе өділ талап қоя алмау ата-ананың беделін түсіреді.

Ата — ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үніліп, міnez-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескендे олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге үақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы үақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуды, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуды балаға теріс өсер етеді. Бала алдында әке-шеше үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті-үстіне темекі тартқандар бар. «Көрінген таудың алыстырығы жоқ» дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қызы өсіп бой жетеді.

Сонда арақ пен темекінің зиянын қалай ұқырамыз. Негізінен жанұяның шырқы бұзылған, ата-анасы маскунемдікке салынған немесе жарамдық жағынан азғынданған ортада бала, жасөспірім қашанғы жириңішті көріністі, ондағы айқай-шу мен дау-жанжалға, үріс-керіске шыдап жүре бермек. Басқа өмір аңсайды немесе теріс тәрбиеге тез бой алдырып үлгереді, егер осы теріс жолға мүлде бет бұрып кетсе, онда бейтеректің бір бұтағы қисық өсті дей беріңіз. Бақытсыз қызы, бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда негізгі кінені кімнен іздейміз?! Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады. Кейде сабакты жиі қалдыруға әр түрлі сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады. Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырған аңғармай да қалуы мүмкін. Жас шыбықты қалай исен, солай өседі ғой. Иә, «Ұяды не көрсөн ұшқанда соны ілерсің» демекші ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады.